

Сұрып сынағын өткізу саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 7 ақпанда № 19995 болып тіркелді

"Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 31-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Сұрып сынағын өткізу саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 31 қаңтардағы

Сұрып сынағын өткізу саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары

р/ с №	Тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) атауы	Тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) құны (бір жыл ішінде бір сұрыпты тәжірибе есебінде), теңге
Селекциялық жетістіктердің ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына сынақтан өткізу		
1	Азықтық дақылдар	16 770
2	Бақша дақылдары	45 680
3	Дәнді дақылдар	36 592
4	Дәнді-бұршақты дақылдар	36 080
5	Көкөніс дақылдары	49 890
6	Майлы дақылдар	28 140
7	Отамалы дақылдар	28 140
8	Техникалық дақылдар	28 717
Зертханалық сынақтар өткізу (бір үлгіге сұрып сынағын өткізу әдістемесі бойынша кешенді талдау)		
9	Азықтық дақылдар	10 338
10	Бақша дақылдары	5 462
11	Дәнді дақылдар	33 376
12	Дәнді-бұршақты дақылдар	15 963
13	Жармалық дақылдар	18 070
14	Жеміс-жидек дақылдары	6 612
15	Картоп	5 685
16	Көкөніс дақылдары	9 267
17	Майлы дақылдар	11 880
18	Отамалы дақылдар	7 961
Өндірістік және технологиялық-экономикалық сынақ өткізу		
19	Азықтық дақылдар	296 900
20	Бақша дақылдары	274 800
21	Дәнді дақылдар	217 000
22	Дәнді-бұршақты дақылдар	316 300
23	Жармалық дақылдар	362 100
24	Жеміс-жидек дақылдары	288 545
25	Картоп	347 400
26	Көкөніс дақылдары	368 800
27	Майлы дақылдар	378 900
28	Отамалы дақылдар	274 900
29	Техникалық дақылдар	399 500

Өзге де көрсетілетін қызметтер		
30	Авторлық куәлікті және ауыл шаруашылығы дақылдарының оригинаторы куәлігін беру	12 750
31	Авторлық куәліктің және ауыл шаруашылығы дақылдары оригинаторы куәлігінің телнұсқасын беру	12 750
32	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрып сынағын өткізу саласындағы ақпараттық бюллетень	1 500
33	Басқа ұйымдар жүргізген сынақ нәтижелері немесе өтінім беруші ұсынған деректер негізінде селекциялық жетістіктің ерекшелігіне, біртектілігіне, тұрақтылығына сараптамалық баға беру	60 725
34	Бір сұрыптық тәжірибе есебінен өтінім берушінің учаскелерінде жүргізілген тәжірибелерді бағалау бойынша сарапшылардың жұмысы	68 175
35	Ерекшелік, біртектілік және тұрақтылық өлшемшарттары бойынша сұрыптың ресми сипаттамасын беру	38 000
36	Жерге егіп бағалауды жүргізу	92 120
37	Қоса берілген құжаттармен патентке қабілеттілігіне берілген өтініштің көшірмесіне, ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауына сараптама беру	38 000
38	Мемлекеттік тізілімге енгізілгеннен кейін сұрыптың атауын өзгерту*	38 000
39	Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық одақтың бастамасы бойынша ерекшелік, біртектілік және тұрақтылық өлшемшарттары бойынша сұрыптың сипаттамасын беру (УПОВ)	122 472
40	Тұқымдарды ресімдеу, сақтау, сынақтан өткізу орнына жеткізу (тасымалдау)	15 620

Ескертпе:

* Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі № 434 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5759 болып тіркелген).